



# ЖАЛШЫ ЭТИОЛОГИЯ

- Ұққан жан аз білгенін,  
шалалығын,
- Сол ғана асырады  
даналығын. (шығыс даналығы)

# Жалпы этиология

## ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

1. Этиология, анықтамасы және жалпы түсінік;
2. Ауру пайда болуына әкелетін ықпалдар;
3. Себепкер ықпал, анықтама және жіктелуі;
4. Экзогендік себепкер ықпалдар;
5. Эндогендік себепкер ықпалдар;
6. Этиологияда тұқым қуалаушылықтың маңызы.
7. Ауруды алдын алу және емдеудің этиотроптық ұстанымдары туралы түсінік.

# МОНОКАУЗАЛИЗМ

- ауру пайда болуы үшін тек бір ғана себепкер ықпал болуы қажет деп есептейтін бағыт.

# КОНДИЦИОНАЛИЗМ

- ауру, көптеген жағдайлардың жиынтығынан пайда болады дейтін ілім



# Конституционализм

- Аурудың пайда болуын тек организмнің өзінің (тектік) ерекшеліктерімен түсіндіретін ілім.

**ЭТИОЛОГИЯ**  
грек. aitia – себеп  
logos - ілім

**- АУРУДЫ  
ТУЫНДАТАТЫН  
СЕБЕПТІК  
БАЙЛАНЫСТАРДЫ  
ЗЕРТТЕЙТІН ІЛІМ**

# Ауру пайда болуына әкелетін ықпалдар



# Ауру пайда болуында себепкер ықпал мен септік жағдайлардың маңызы



- Себепкер ықпалсыз ауру пайда болмайды.
- Септік жағдай ауру пайда болуына септеседі немесе қарсы әсер етеді.
- Егер себепкер ықпал аса қарқынды болса, онда септік жағдайдың маңызы болмайды.



# СЕБЕПКЕР ЫҚПАЛ:

- - ауруды туындататын және сол ауруға ғана тән арнайы әйгіленімдерді айқындайтын ықпал.



- **Өкпе туберкулезіне тән: жөтел, организмнің уыттануы, температураның шамалы көтерілуі, өкпе тінінің бүлінуі т.б.**
- **Іш сүзегіне тән: іш өту, дене температурасы қатты көтерілуі, теріде бөртпелер пайда болуы, организмнің су мен электролиттерді жоғалтуы т.с.с.**
- **Суық температура әсер етуіне үсік, мұздап қалу (гипотермия) тән.**

# Себепкер ықпал деп:

- Ол аурудың алдында болғанда;
- Ықпалдың қарқыны мен дерттің ауырлығы арасында пара-парлық байланыс болғанда;
- Ықпалды аластағанда организмнің сауығуы болғанда;
- Ықпалдың көмегімен тәжірибелік жануарларда аурудың үлгісін алғанда – айтуға болады.



САРНОМА РОУСА



- Химиялық экзогендік канцерогендердің өспелер пайда болуындағы маңызын Ямагива және Ишикава (1913-1915) дәлелдеді

- Өспелер пайда болуында вирустардың маңызын Роус (1908-1911) дәлелдеді

Себепкер ықпал:



```
graph TD; A[Себепкер ықпал:] --> B[Экзогендік]; A --> C[Эндогендік];
```





Экзогендік


Эндогендік



# Физикалық ықпалдар



(иондағыш сәулелер, ыстық немесе  суық температуралар, электр соққы,  электромагниттік толқындар т.б.);






# Механикалық ықпалдар

(жарақат, жаншылу, қысылу т.б.);



# Биологиялық ықпалдар (микробтар, вирустар, қарапайым жәндіктер, майда саңырауқұлақтар)










# Химиялық ықпалдар

(органикалық немесе бейорганикалық улы заттар, кейбір дәрі-дәрмектер, гипоксия, реоксигенация т.б.);



# Психогендік ықпалдар

(жан жаракаты, рухани  
күйзелістер, ауыр  
эмоциялар т.б.).



# Эндогендік себепкер ықпалдар:

- **Адамның тектік ерекшеліктері;**
- **Организмнің даралық реактивтілігі;**
- **Жүйкелік-эндокриндік реттелулерінің бұзылыстары;**
- **Иммундық жүйесінің өзгерістері.**

**Арудың этиологиясында тұқым қуалаушылықтың маңызы бойынша ауруларды үш топқа бөледі:**

- 1. Нағыз тұқым қуатын (моногендік аурулар), (мәселен, гемофилия, фенилкетонурия т.б.);**
- 2. Өзгерген тектік ақпараттан дамиды, бірақ олардың көріністері тек орта әсерлерінен пайда болатын (HbS анемия);**
- 3. Тұқым қуалауға бейім аурулар. Бұлар көптеген қоршаған орта ықпалдарынан дамиды.**

- Ауру пайда болуында себепкер ықпалдың қандай маңызы бар?

**Аурудың  
этиологиясы**

**Себепкер ықпал**



**ауру**

**организмнің  
қорғаныстық-  
теңгерулік  
жағдайы**



**Аурудың  
этиологиясы**

**Себепкер ықпал**



**организмнің  
әдеттегі  
қорғаныстық-  
теңгерулік  
жағдайы**

**=**

**ауру**




**Аурудың  
этиологиясы**

**Себепкер ықпал**



**ауру**


**организмнің  
қорғаныстық  
элеуетінің  
әлсіреуі**





**Аурудың  
ЭТИОЛОГИЯСЫ**

**Себепкер ықпал**



**ауру**

**ағзалар мен  
тіндердің  
сезімталдығы  
және  
қозымдылығы  
↑ немесе ↓**



# АУРУДАН АЛДЫН АЛУ САҚТАНДЫРУ және ЕМДЕУДІҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

- **Этиотроптық сақтандыру және емдеу - деп аурудың себепкер ықпалын аластауға және организмнің төзімділігін көтермелеуге бағытталған шараларды айтады.**





## **Себепкер ықпалға:**

- Себепкер ықпалды аластау (антисептика, асептика, сыртқы ортаны қорғау);
- Жұқпа таралуын шектеу (карантиндік шаралар);
- Жұқпа тасымалдаушыларын жою;
- Бактерияға қарсы дәрі-дәрмектерді қолдану;
- Салауатты өмір салтын сақтау.



## **Организмнің төзімділігін жоғарылату үшін:**

- Жұқпалы ауруларға қарсы екпелер егу;
- Аллергендердің өте аз мөлшерімен емдеу;
- Физикалық жүктемеге, төмен температураға, гипоксияға т. б. жаттықтыру;
- Тиімді тамақтану;
- Витаминдерді алдын ала қабылдау.

- Шынықсаң кәдеге жарарсың,
- Аурудан қағажу қаларсың.
  - (шығыс даналығы)

# Дәріс тақырыбы

- Жалпы патогенез

- “Оқудың ауырсынған ауырлығын,
- Тағдырдың көтере алмас ауыр жүгін.”
  - (шығыс даналығы)

# Дәріс жоспары

- Патогенез туралы түсінік;
- Ауру дамуындағы бастапқы бүліністің маңызы;
- Патогенездің жалпы заңдылығы;
- Патогенездегі:
  - А) себеп-салдарлық арақатынастар;
  - Ә) кері айналып соғу шеңбері;
  - Б) негізгі тізбек және оны білудің маңызы;
- Патогенездік емдеу туралы түсінік.

# Патогенез

(грек.pathos - ауру, genesis - даму)

- аурудың даму  
жолдары мен өту  
заңдылықтары  
туралы ілім.





## Жалпы патогенез

Жалпы аурулар дамуының заңдылықтарын зерттейді

## Жеке патогенез

Жекелеген аурудың даму, өту және аяқталу тетіктерін зерттейді





# Бастапқы бүлініс пен қорғаныстық тетіктер қалыптасу деңгейлері

<b>Бастапқы бүлініс деңгейі</b>	<b>мысалдар</b>	<b>Қорғаныстық тетіктер деңгейі</b>
<b>Молекулада</b>	<b>Гендік мутациялар</b>	<b>ДНҚ репарациясы</b>
<b>Жасуша ішінде</b>	<b>Жасуша ішілік құрылымдардың (митохондрий, ядро, лизосома т. б.) бүлінісі</b>	<b>Қалған құрылымдардың гипертрофиясы, гиперплазиясы</b>

<b>Жасушада</b>	<b>Дистрофия, некроз</b>	<b>Жасушалардың регенерациясы, ақаудың дәнекер тінмен алмасуы</b>
<b>Ағзада</b>	<b>Жүрек ақаулары</b>	<b>Миокард гипертрофиясы</b>
<b>Жүйеде, тұтас организмде</b>	<b>Эндокрино- патиялар, психикалық аурулар</b>	<b>Зат алмасулары реттелуінің өзгер- істері, қорғаныс- тық тежелу</b>

Патогенездің жалпы  
заңдылығы:


- Өзін-өзі дамыту,  
өзін-өзі реттеу  
заңдылығы

# **Ауру дамуындағы себеп-салдарлық арақатынастар**

- - бір себептің белгілі бір салдарға әкеліп, артынан бұл салдардың екінші бір салдарға себеп болуын т.с.с. ары қарай осылай тізбектеліп өтуін себеп-салдарлық арақатынастар дейді.

Ауру  
себебі

Себепкер  
ықпал



ауру ОРГАНИЗМ



# Күйіктік аурудың патогенезі:

- Ыстық температура ► тін бүлінуі ► уытты өнімдер пайда болуы ► уыттар қанға түсуі ► организмнің уытта-нуы ► ағзалар мен жүйелер қызметтерінің бұзылыстары ► күйіктік сілейме дамуы.

**ПАТОГЕНЕЗДЕГІ КЕРІ АЙНАЛЫП СОҒУ  
ШЕҢБЕРІ  
(CIRCULUS VITIOSUS)**

- аурудың себеп-салдарлық арақатынастарындағы бір салдардың, кері айналып келіп, алдыңғы бір себепті одан сайын күшейтуі**

# Жіті қансырау ПАТОГЕНЕЗІНДЕГІ кері айналып соғу шеңбері

Қан жоғалтуға әкелетін жарақат

ГИПОВОЛЕМИЯ

ГИПОТЕНЗИЯ

ГИПОКСИЯ

Зат алмасуларының бұзылыстары

Жүрек қызметінің  
бұзылуы

+



# БИІКТІК АУРУЫ ПАТОГЕНЕЗІНДЕГІ КЕРІ АЙНАЛЫП СОҒУ ШЕҢБЕРІ

ДЕМ АЛАТЫН АУАДА  $P_{O_2}$  ТӨМЕНДЕУІ

ГИПОКСЕМИЯ

ТЫНЫС АЛУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚОЗУЫ

ГИПЕРПНОЭ

ГИПОКАПНИЯ, ГАЗДЫҚ АЛКАЛОЗ

ТЫНЫС АЛУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТЕЖЕЛУІ

БРАДИПНОЭ

+

# Патогенездегі негізгі тізбек:

- - ауру дамуындағы себеп-салдарлық арақатынастардың ішіндегі ең маңызды тізбегі. Мәселен, негізгі тізбек: қансырау кезінде гиповолемия, биіктік ауруында гипоксемия, күйіктік ауру кезінде токсемия, қантты диабет кезінде инсулиннің тапшылығы т.с.с. Оны білу арқылы ауруды емдеуге болады.

# Аурудың патогенезі негізінде емдеу жолдары:

- Дерт дамуында себеп-салдарлық арақатынастарды ескеріп, олардың ішіндегі негізгі тізбекті үзу арқылы емдеуді патогенездік терапия - дейді.

- Ауру дамуындағы себеп-салдарлық арақатынастардың маңызы?

Басқасын  
оқулықтан  
қара



**ЕСЛИ КНИГ  
ЧИТАТЬ  
НЕ  
БУДЕШЬ**



**СКОРО ГРАМОТУ  
ЗАБУДЕШЬ**

The illustration shows a woman with a serene expression, wearing a traditional red headscarf with white floral patterns. She is holding an open book, and the text on the book's cover is partially visible, including the words 'ТО АНЖА' and 'НОТРА'. The overall style is that of a mid-20th-century propaganda poster.



- “Ақыл деген денеге егілген дән,
- Суғарылса кіреді оғанда жан,
- Ақылдың өсіп-өнуі зораймағы
- Көрген-білген нәрседен ғибрат алған!”
  - (Шәкәрім Құдайберді ұлы)